

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



Қазақстан 2050

### III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4-15 сәуір, 2016 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

#### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының

#### МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір, 2016 жыл



### III МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-15 апреля 2016 года

#### МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции

студентов и молодых ученых

#### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 11-13 апреля 2016 года



### III INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-15 April, 2016

#### MATERIALS

of International Scientific Conference

of Students and Young Scientists

#### «FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 11-13 April, 2016

Ғылыми редактор:  
ф.ғ.к., доцент **Мелеубек С.**

Жауапты редактор:  
аға оқытушы **Дәуренбекова А.А.**

Жинақ хатшылары:  
**Жүргібай П., Сапарходжаева П., Тілепберген А.**

Студенттер мен жас ғалымдардың «III Фараби оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 136 б.

**ISBN 978-601-04-1787-8**

Жинаққа студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференцияның тезистері енгізілген.

Сонымен қатар конвергентті журналистика (ағылшынша *Convergence journalism*) – бұл ақпараттық және коммуникациялық технологиялар интеграциясының бірыңғай ақпараттық ресурсқа бірігу үдерісі. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы медиа – компаниялар ақпараттық және ойын-сауықтық өнімдерінің өз спектрлерін кеңейтеді және медиа өнім берудің «жаңа» формаларын қолданады: ол – онлайн газет, ғаламтордағы радио, веб-телекөрсетілім. Конвергенция ұғымы латынша «convergo» - «жақындатамын» деген мағынаны білдіреді. «Convergence» ағылшын тілінде «бір нүктеде жинақтау» дегенді білдіреді. Павликова М. БАҚ және коммуникацияларды зерттеуші канадалық Дэнис Макуэйлаға сүйенсе отырып, келесі анықтама береді: «Бұл бір маңызды өнімнің әртүрлі арналарға әртүрлі құралдармен таратуы». А.Г. Качкаева конвергенция – ақпарат берудің жаңа түрі, деп тұжырымдаған. Яғни, конвергенция – бұл бірыңғай контентті әртүрлі құралдармен (мәтін, дыбыс немесе видео) және коммуникацияның әртүрлі арналары (пресса, телекөрсетілім, радио, ғаламтор) арқылы тарату.

Ғаламтордың бірқатар коммуникация мен ақпараттық ерекшеліктеріне байланысты жаңа бұқаралық ақпарат құралының түрі – ғаламтор-БАҚ немесе ғаламтор-журналистика туындады. Ол дәстүрлі БАҚ-тан ғаламтордық ақпаратты тарату оперативтілігі мен интерактивтілігімен ерекшеленеді. Сол себептен де жаңа бұқаралық ақпарат құралын көптеген елдердің ғалымдары зерттеу нысаны ретінде қарастыруда. Ғаламтор – БАҚ алғаш 1987 жылы АҚШ-та пайда болған. Мұны «The San Jose Mercury News» газеті көпшілік қауымға электронды нұсқасын ұсынған. Қазіргі кезеңде АҚШ-тағы күнделікті басылымдардың таралымы жарты жылда, 2009 жылғы қазақ айынан бастап, 2010 жылғы наурыз айына дейінгі аралықта 2,5 пайыз, ал апталық (жексенбілік) газеттердің таралымы 3,1 пайызға азайған. Керісінше, онлайн БАҚ күннен-күнге қарқынды түрде даму үстінде.

### **Қазақ тілінің орнын шет ел тілі баса алмас**

**Нарбай Т.**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Әлім Ә.А.*

Тіл-қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі. Тіл болмаса сөз болмайды. Ал, журналистика бүгінгі күні сөз сияқты адам мен адамды жақындастыратын, ел мен елді табыстыратын, жауластыратын, қадірін келтіретін де, кетіретін ежелден келе жатқан қатынас құралын пайдалану арқылы жүзеге асатын қоғамдық пікір қалыптастыратушы функциясын атқаруда.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев кезекті II Азаматтық форумында: «Қазақ тілі мен мәдениеті-біздің мемлекеттілігіміз тұрғызылып жатқан іргетас. Сондықтан, қазақ тілі мен мәдениетін одан әрі дамыту жұмыстары біздің ынтымақтастықтың ең маңызды бағыты болмақ! Мен сіздерді осыған шақырамын!».

Бұл гибратты сөзді мен өзімше, өз позициямнан, яғни жастардың көзқарасымен қабылдадым. Ғылыми жұмысымның тоқ естері, өзегі-жас ұрпақтың күнделікті ауызекі сөйлесуінде өзге тілдің статусына артығынан мән беруі. Бүгінгі күні мемлекеттік тілімізге күнделікті өмірде пайдаланылатын қолданыстан шығып кете ме деген қауіп тұрғандай.

Біз ағылшын тілінде сөйлессек, одан ол тілге келін-кетер ешқандай зиян жоқ екендігін түсіну әр азаматтың борышы. Өйткені, ол тілде күллі әлем сөйлен жатыр. Ал, қазақ тілі сияқты тіл, дәл қазіргі кезде өзіміздің тарапымыздан көбірек сөйленуге мұқтаж болып отырған жайы бар.

Көшеде, далада, қоғамдық орындарда, үйде, мекемеде қазақ тілінде сөйленген сөздер көп естілуі керектігі-заман талабы. Мемлекеттік тіліміз іс-қағаздарда ғана емес, нақты өмірден көрініс тауып, қоғамға етене кіруі керек. Олай болмауының себебі, қазақ азаматтарының өз тілін емес, өзге тілді көбірек пайдаланып жүргенінің тікелей әсері ме деймін кейде мен.

Өкінішке орай, арамызда өз тілінен бой тартып жүргендер, өз тіліне жаны ашымайтындар, оны місе тұтпайтындар, білмесе де білмей жүре беретіндер, үйренуге қадам жасамайтындар, тіпті ықылас-пейіл де танытпайтындар, өзге тілде оқу оқып, сол тілдің рухында тәрбиеленіп жүрген Отандастарымыз қаншама.

Атам қазақтың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дегені, көптеген тіл білсең де, олардың дәрежесі өзіңнің ана тіліңнен биік тұрмауы тиіс деген ұстаным деп білемін.

Бүгінгі күні біз шетелдің опер, кино, сахна жұлдыздарына еліктейтініміз рас. Бұл жаһандандудың әсері болар және мұндай ахуал ұлтымыздың өзіндік ішкі иммунитетін әлсіретіп бара ма деген де ой келеді маған. Ұлттың иммунитетін сақтайтын нәрсе, ол, сол ұлттың тілі екені бесенеден белгілі. Олай болса, тілді құрметтеуді өзімізден бастауымыз керек. Өз тілімізде көбірек сөйлеген сайын, өзге ұлттың өкілдері де бізге қарап бой түзейтіні тағы бар.

Жастарымыз қазақ елінің жастары бола тұра, шетелше сөйлеуді әдетке, тіпті өмірлік салтқа айналдырып алудан сақтануы керек. Жастық шаққа тән албырттық мінез шығар, жастарымыз кейде

шет тілінде сөйлегенді сән көретін де сияқты. Ал ана тілімізді біле тұра, сөйлесек, яғни оны тәрк етсек, ата-баба аманатына қиянат келтіргеніміз болып саналмай ма?!

Ендігі журналистиканың қызметі - ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру арқылы ұлттық мінез, ұлттық намыс ұғымдарына басымдылық таныту. Бұл ұлттық мінез, ұлттық намыс халқымызда болған емес деп айтсақ өте қатты қателесеміз. Оның бастауы, сонау жиырмамыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен-ақ басталған бүкілхалықтық қозғалыстың тарихта өз орнын ойып алғаны соның дәлелі.

### Қазақты арақ құртты, жыланша құйқылжытып жұтты

Нұрғали С.

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Құрманбаева А.Ә.*

Балалық шағымды еске алу мен үшін тозақ қақпасынан қарап тұрумен тең, себебі балалық шақтың балғын дәмін, әкемнің оңешін күйдіре ішкен бір шөлмек арағы шайып әкеткендей...

Әлі есімде кешқұрым анам екеуіміз ажал күткендей әкемнің келуін күтетінбіз, іштей Алладан әкемнің мас болмауын тілейтінбіз, бағымыз жанса әкем сау келетін, сонда анамның жүзі жадырап сала беретін, шәйін қойып, кешкі ас ішетінбіз. Бұтақтың екі ұшы бар дегендей, әкем кей күндері мас болып келетін, ондай кездері кешкі ас жайлы ойламайтынбыз да, себебі әкемнің сол баяғы әніне салатынын мен де, анам да білетінбіз. Әкем шайтан түрткендей неше түрлі бөк-ауыз сөздер айтып, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын, одан қалса анамның ұзын шашынан сүйреп, екеуімізді шырылдататын, бұл қорлыққа төзбей, жан сауғалап қараңғы ызғарлы түнде үйден шығып, жаяу ағамыздың үйіне жол тартатынбыз. Күндердің күнінде анам ұзын қолаң шашын желкеден қиып тастады. Бұның барлығы балалық шақтың естелігі, жасым 20 келсе де әкемнің анамның қолаң шашынан сүйреп ұрып жатқаны қозғалысымнан кетпейді, әкемнің бұл қылығын мен әлі күнге дейін кеше алмадым, алмаймын да.

Ал бастауыш сыныпта оқып жүргенімде сабақтан шыққан соң басқа құрдастарым сияқты үйге асықпайтынмын, тіптен үйге мүлдем барғым келмейтін, себебі спектакльдің сценарийін жаттап алған көрермендей, үйге барғанда мені не күтіп тұрғанын мүлтіксіз білетінмін, әдеттегідей араққа сылқия тойып алған әкем, оның ащы тілі, қатты қолы, бейшара анам және бүкіл әлемге ызалы бетін сепкіл басқан сары қыз...

Әрине бұл тек менің басымнан өткен қасірет емес, себебі 90 жылдары қазақты арақ құртты, жыланша құйқылжытып жұтты. Әрбір екінші отбасы бұл сұмдықпен бетпе-бет келді, отағасы ішін алып бүтін бір отбасының шырқын бұзып, берекесін қашырды, айрандай боп ұйып отырған талай отбасы шайқалды. Бәрі де бір шөлмек арақтың кесапатынан болды...

Жаным қиналған сәтте бұл пәле бізге қайдан келді, оны кім ойлап тапты, арақты ойлап тапқан адамның жаны осы өмірде де ана өмірде де жай таппаса екен деп тілегенім де бар.

Арақтың шығу тарихы да, оның біздің елге келуі жайлы пікірлерде көп, бірақ нақты жауап жоқ. Біреулер арақты парсы ғалымы Ар-Рази ойлап тапты дейді, біреулер арақ көршілеріміз орыстардан келді деседі. Қалай және қашан келгені ендігі маңызды емес, себебі қанымызды да, жанымызды да, санамызды да арақ баяғыда-ақ улап біткен.

Осы тұрғыда біраз зерттеулер жасай отырып, мынандай статистикаға сүйендім, қазіргі таңда Қазақстан әлем бойынша арақ ішуден 7 орында, ал Орталық Азияда 1 орында. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, орта есеппен қазақтар жылына 11 литр арақ ішеді екен. Елімізде 235416 адам араққа тәуелді, оның 29248 әйел, 1670 бала. Бүгінде Алматы қаласының наркология орталығында 39 мың адам тіркелген екен және оның жарғысынан көбі ол жерге бірнеше рет түскен екен. Араққа тәуелді адамдардың орташа жасы 25-40 жас шамасындағы адамдар екен. Ал еліміздің ең көп ішкіш аймағының көшін Алматы қаласы бастан тұр-50874 адам тіркелген, күміс жүлдені Шығыс Қазақстан облысы - 32806 адам тіркелген, көшіміздің соңында Қарағанды облысы - 25211 адам тіркелген.

Арақтың зиян екенін 5 жасар бала да біледі, алайда оның зардабы қаншалықты үлкен екенін ересек адамның өзі де білмес.

Арақты күнделікті пайдалану мидың «ойлаушы» қыртыстарына үлкен зардабын тигізеді. Зерттеушілердің пайымдауынша тіпті жастай қайтыс болған адамдардың миын тексеріп көргенде, ми қыртыстарының қаншалықты қажып кеткенін, ешбір зерттеулерсіз-ақ байқауға болады екен. Арақтың зияны адамның бүкіл мүшелеріне үлкен зардап тигізеді екен және де арақ созылмалы аурулардың үдеуіне жол береді екен.